

6 тамыз 2025 ж.



2025 ж. 30 маусымда аяқталған екінші тоқсан мен алты айдың нәтижелері

Тұрақты өсім мен шығындарды проактивті түрде басқару есебінен табыстылық айтарлықтай артты. Болжам өзгеріссіз қалды

Алматы, Қазақстан – Табыс көлемі мен әуе кемелерінің саны бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі жетекші әуекомпаниялар тобы болып саналатын «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Компания», еншілес компаниясы FlyArystan-мен бірге – «Топ») 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған екінші тоқсан мен алты айдың қаржылық нәтижелерін жариялайды.

Жартыжылдықтың негізгі көрсеткіштері

Тұрақты өсім мен табыстылықты басқаруға баса назар аудару EBITDAR көрсеткішін 24,1%-ға арттырды

- Жалпы кіріс пен басқа да табыстар 12,1%-ға өсіп, 658,2 миллион АҚШ долларын құрады (2024 ж. 1 жартыжылдық: 587,2 миллион АҚШ доллары).
- EBITDAR 24,1%-ға өсіп, 157,0 миллион АҚШ долларына жетті (2024 ж. 1 жартыжылдығында: 126,5 миллион АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 2,3 пайыздық тармаққа ұлғайып, 23,9%-ды құрады (2024 ж. 1 жартыжылдық: 21,6%).
- Таза пайда (PAT) 131,9%-ға өсіп, 10,7 миллион АҚШ долларын құрады (2024 жылдың 1 жартыжылдығында: 4,6 миллион АҚШ доллары).
- ASK 17,8%-ға артып, 10,3 млрд құрады (2024 ж. 1 жартыжылдықта: 8,7 млрд).
- RPK 17,3%-ға өсіп, 8,4 млрд жетті (2024 ж. 1 жартыжылдықта: 7,1 млрд).
- Бірлік кіріс көрсеткіші инфляцияға бейім шығындардан жоғары деңгейде сақталып, 2024 жылдың 4-тоқсанынан бері жалғасып келе жатқан оң үрдісті бекемдеді. Бұл Топтың тиімділікті арттыру бойынша жүргізіп жатқан шаралары мен валютаны табиғи хеджирлеу тетігінің тиімділігін көрсетеді.
 - RASK 4,9%-ға төмендеп, 6,41¢ АҚШ долларын құрады (2024 ж. 1 жартыжылдықта: 6,74¢).
 - CASK 6,2%-ға азайып, 5,97¢ АҚШ долларын құрады (2024 ж. 1 жартыжылдықта: 6,36¢).
- Топ бойынша тасымалданған жолаушылар саны 11,6%-ға өсіп, 4,5 миллионға жетті (2024 ж. 1 жартыжылдық: 4,0 миллион), ал орташа жүктеме коэффициенті 81,7% деңгейінде тұрақты сақталды (2024 ж. 1 жартыжылдықта: 82,0%).
- Флотқа қосылған алты әуе кемесінің есебінен Топтың әуе кемелер саны 61-ге жетті.

Екінші тоқсанының негізгі көрсеткіштері

Табыстың айтарлықтай өсуі мен EBITDAR-дың екі таңбалы өсімі – сұраныстың артуын, шығын тиімділігін және операциялық орнықтылықты айқын көрсетеді

- Жалпы кіріс пен басқа да табыстар 13,5%-ға өсіп, 365,8 миллион АҚШ долларын құрады (2024 ж. 2-тоқсан: 322,4 миллион АҚШ доллары).
- EBITDAR 17,2%-ға өсіп, 97,1 миллион АҚШ долларына жетті (2024 ж. 2-тоқсан: 82,8 миллион АҚШ доллары). EBITDAR маржасы 0,8 пайыздық тармаққа артып, 26,5%-ды құрады (2024 ж. 2-тоқсан: 25,7%).

- Таза пайда (PAT) 11%-ға өсіп, 18 миллион АҚШ долларын құрады (2024 жылдың 2 тоқсанында: 16,2 миллион АҚШ доллары).
- ASK 21,7%-ға артып, 5,6 миллиардты құрады (2024 ж. 2-тоқсан: 4,6 миллиард).
- RPK 20,4%-ға өсіп, 4,6 миллиардқа жетті (2024 ж. 2-тоқсан: 3,8 миллиард).
- Геосаяси тұрақсыздыққа қарамастан, бірлік табыс пен шығын теңгерімді күйінде қалды, бұл Топтың операциялық орнықтылығын көрсетеді.
 - RASK 6,8%-ға төмендеп, 6,57ф АҚШ долларын құрады (2024 ж. 2-тоқсан: 7,05ф), бұл көбіне жергілікті валютаның құнсыздануымен байланысты.
 - CASK 6,5%-ға төмендеп, 5,87ф АҚШ долларын құрады (2024 ж. 2-тоқсан: 6,27ф), бұл тиімділікті арттыру шараларының, теңгемен есептелетін шығындардың азаюының және отын бағасының төмендеуінің нәтижесі.
- Топ бойынша тасымалданған жолаушылар саны 15,6%-ға өсіп, 2,5 миллионға жетті (2024 ж. 2-тоқсан: 2,2 миллион), ал орташа жүктеме коэффициенті 81,9% деңгейінде сақталды (2024 ж. 2-тоқсан: 82,8%).

Питер Фостер, Air Astana компаниялар тобының бас атқарушы директоры:

«Біз бірінші жартыжылдығында табыстың өсуі мен маржаның жақсаруы есебінен жоғары нәтижелер көрсете білдік: EBITDAR 24,1%-ға, ал таза пайда (PAT) 132%-ға артты. Бұл нәтижелер кеңінен талқыланған макроэкономикалық және геосаяси қиындықтарға қарамастан, сыйымдылықтың 17,8%-ға және жолаушылар ағынының 17,3%-ға ұлғаюымен қамтамасыз етілді. Бірінші жартыжылдықтағы нәтижелеріміз – тиімді орналасқан орталық нарығымыз бен шығындарды икемді басқару қабілетіміздің айғағы. Біз басты нарықтарға сыйымдылықты оңтайлы түрде үлестіре отырып, шығындарды барынша үнемдеуді және маржаларды барынша арттыруды жалғастырып келеміз. Бірлік табыс пен шығындар арасындағы тепе-теңдікті сақтап отыру – ішкі тиімділік шараларымыздың және валютаны табиғи хеджінің тиімділігін көрсетеді.

Жолаушылар саны мен сыйымдылықтың қатар артуы – Азиядағы ең жылдам дамып жатқан аймақтарда, әсіресе Үндістан мен Қытай сияқты алып нарықтарда жаңа бағыттарымызға сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. Біз ТМД елдерімен шынайы әуе қатынасын ұсынатын жалғыз әуетасымалдаушымыз. Өткен аптада жарияланған China Southern Airlines компаниясымен кодшерлік келісім – осы байланысты одан әрі дамыту жолындағы маңызды қадам.

Соңғы Embraer E2 ұшағының пайдаланудан шығуына байланысты, қазіргі таңда біздің әуе паркіміз толықтай Airbus A320 ұшақтар отбасы мен Boeing 767 ұшақтарынан құралған 61 әуе кемесін құрайды – бұл 2003 жылдан бергі ең қарапайым және тиімді флот құрылымы. Техникалық қызмет көрсету мен жерүсті қызметтеріндегі ішкі қуаттарымызға салынған инвестициялармен бірге бұл өзгерістер біздің орнықтылығымызды арттырып, жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартып, Топтың тиімділігін еселей түсті. Осы жаңа мүмкіндіктер мен қосымша ресурстар бізге бүкіл салаға ортақ Pratt & Whitney GTF қозғалтқыштарымен байланысты қиындықтарды тиімді басқаруға жол ашты.

Компания 2025 жылға арналған болжамына және Топтың орта мерзімді перспективаларына сенімді болып қала береді. Осындай нәтижелерге қол жеткізу жолындағы қажырлы еңбегі үшін Air Astana ұжымына жеке алғысымды білдіремін. Алдағы қыркүйекте өтетін Capital Markets Day шарасында біздің орта мерзімді стратегиямыз бен мақсаттарымыз туралы нарықпен бөлісуді асыға күтемін.»

Ағымдағы жағдай және қысқа мерзімді болжам

Топ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында ашылған 20 жаңа бағыт пен 2024 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда 17,8%-ға жоғары ASK көрсеткішінің арқасында жазғы маусымның қызған кезеңіне сенімді кірісіп отыр. Pratt & Whitney қозғалтқыштарына қатысты

мәселелерге қарамастан, оларды Топтың кешенді алдын алу жоспары және қуатты икемді бөлу саясаты аясында белсенді түрде басқару жалғасуда. Осыған байланысты Топ жазғы маусымға оң болжамын сақтап отыр.

Топтың орта мерзімді жоспарына сәйкес 2025 жылы өсім траекториясы сақталады:

- RASK пен CASK арасындағы теңгерімді сақтау.
- Инфляциялық қысымдарды төмендете отырып, кірістілігі жоғары бағыттарға қуатты қайта бөлу және жүктеме коэффициентін 2024 жылмен салыстырғанда бірқалыпты деңгейде ұстап тұру.
- Жалпы әуе флоты 2025 жылдың соңына дейін 63 ұшаққа, ал 2029 жылдың соңына дейін 84 ұшаққа дейін ұлғайтылмақ.
- Орта мерзімді перспективада EBITDAR маржасы – орташа немесе жоғары 20% деңгейінде, өтімділік коэффициенті – 25%-дан жоғары, ал қарыз жүктемесі – Net Debt/EBITDAR көрсеткіші бойынша 3.0x-тан төмен деңгейде сақталады деп күтілуде

Қаржылық және операциялық шолу

Қаржылық және операциялық шолу	2025 ж.1Ж	2024 ж.1Ж	Жыл сайынғы салыстыру	2 тоқсан 2025	2 тоқсан 2024	Жыл сайынғы салыстыру
Жолаушылар саны (миллион)	4,5	4,0	11,6%	2,5	2,2	15,6%
Ұшақтар саны (есепті кезеңнің соңында – флот)	61	54	13,0%	61	54	13,0%
Жүктеме коэффициенті (%)	81,7	82,0	-0,3pp	81,9	82,8	-0,9pp
Түсім және өзге де кірістер (миллион АҚШ доллары)	658,2	587,2	12,1%	365,8	322,4	13,5%
EBITDAR (миллион АҚШ доллары)	157,0	126,5	24,1%	97,1	82,8	17,2%
EBITDAR маржасы (%)	23,9	21,6	2,3pp	26,5	25,7	0,8pp
Таза пайда (млн АҚШ доллары)	10,7	4,6	131,9%	18,0	16,2	11,0%
ASK (миллиард)	10,3	8,7	17,8%	5,6	4,6	21,7%
RPK (миллиард)	8,4	7,1	17,3%	4,6	3,8	20,4%
RASK (АҚШ центтерімен)	6,41	6,74	-4,9%	6,57	7,05	-6,8%
CASK (АҚШ центтерімен)	5,97	6,36	-6,2%	5,87	6,27	-6,5%
Қолма-қол қаражат және банк шоттарындағы қалдық (миллион АҚШ доллары)	531,6	418,2	27,1%	531,6	418,2	27,1%
Таза қарыз / EBITDAR	1,3	1,4	-0,1	1,3	1,4	-0,1
Қолма-қол қаражат / сатылым үлесі (%)	38,5	33,9	4,6 пп	38,5	33,9	4,6 пп

Маршруттық желіні кеңейту

Топ Қазақстан ішіндегі және аймақтық әрі халықаралық бағыттар бойынша ұшуларды одан әрі нығайтты. Бірінші жартыжылдықта халықаралық бағыттар ерекше серпін көрсетіп, 25,2%-ға өсті және ASK өсімінің 76%-ын құрады. Бұл өсім негізінен Азиядағы жылдам дамып келе жатқан нарықтарға тиесілі болды. 2025 жылдың екінші тоқсанында тағы бес жаңа бағыт ашылып, бірінші жартыжылдықта іске қосылған жаңа бағыттардың жалпы саны 20-ға жетті. Олар маусымдық сұранысы жоғары бағыттарға, жақын орналасқан Қытай мен Үндістан нарықтарына, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азия мен Парсы шығанағы елдеріне бағытталған.

Қытай нарығы бизнестегі және демалыс мақсатындағы жолаушылар ағынының артуымен жақсы нәтиже көрсетті. Қазіргі таңда Топ Қытайдың бес қаласына аптасына 30 рейс орындайды, бұл жылдың басындағы үш бағытпен салыстырғанда айтарлықтай өсім. Мамыр айында Алматыдан Қытайдың Синьцзян өлкесіндегі Инин (Құлжа) қаласына тікелей рейс ашылып, Қазақстан мен Қытай арасындағы бір сағаттық әуе дәлізін қамтамасыз ету уәдесі орындалды. Бұған дейін наурыз айында Air Astana Алматыдан халқы саны жағынан Қытайдың үшінші ірі қаласы — Гуанчжоуға алғашқы рейсін орындаған болатын.

Сәуір айының соңында Air Astana Алматы мен Мумбай арасындағы жаңа бағытты ашып, Қазақстан мен Үндістанның іскерлік астаналарын байланыстырды. Сұраныстың жоғары болуына байланысты рейстер саны аптасына үштен беске дейін артты, жыл соңына дейін күнделікті ұшуларға көшіру жоспарлануда. Бұл бағыт бойынша басқа әуе компанияларының шектеулі қолжетімділігін ескере отырып, Air Astana сұранысты тиімді игеріп отыр. Жаңа бағыт Алматы – Дели арасында аптасына тоғыз рейс орындалатын бұрыннан бар маршрутты толықтырды.

Жазғы ұшу кестесінің аясында Air Astana тобы Түркия, Грузия және Черногория бағыттарына рейстер санын арттырды, сондай-ақ Вьетнамның демалыс қалалары - Нячанг пен Данангқа жаңа бағыттар ашты. Бұдан бөлек, Air Astana Алматыдан Франкфуртқа тікелей рейстерді бастады, бұл рейс Astana және Орал қалаларынан орындалатын қолданыстағы рейстермен қатар кодшеринг аясында жүзеге асырылады. Сонымен қатар Атыраудан Баку мен Тбилисиге жаңа бағыттардың ашылуы Қазақстан мен Кавказ өңірі арасындағы байланыстарды одан әрі жақсартты.

Стратегиялық серіктестіктерді кеңейту

Топ Қазақстанмен іскерлік, мәдени және туристік байланыстарды нығайтып жатқан жақын орналасқан ірі нарықтармен байланысын арттыру және өсу қарқынын жеделдету мақсатында стратегиялық серіктестіктерді дамыту мүмкіндіктерін қарастырып жатыр.

2025 жылдың наурызында қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандумның жалғасы ретінде Air Astana Қытайдың China Southern Airlines әуе компаниясымен кодшерингтік келісім жасасты. Бұл келісім Қазақстан мен Қытай арасындағы аптасына 50 рейсті қамтиды, жолаушыларға қосымша саяхат мүмкіндіктерін ұсынып, екі ел арасындағы әуе қатынасының қолжетімділігін арттырады. China Southern Airlines-пен серіктестік Қытаймен сауда мен туризмді дамытуға және екі тарап үшін де жаңа өсу мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, топ Үндістандық әуе компанияларымен де келіссөздер туралы мүмкіндіктерді қарастырып жатыр. Бұл 2023 жылы Жапон нарығына арналған Japan Airlines-пен жасалған кодшерингтік келісімнің және Lufthansa мен Turkish Airlines сияқты Еуропа мен Азиядағы серіктестермен орнатылған қолданыстағы коммерциялық қатынастардың жалғасы болып табылады.

Флотты дамыту

Топтың өсу стратегиясы флотын дамытуға негізделген. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында алты жаңа әуе кемесінің жеткізілуімен флот 61 ұшаққа дейін кеңейді: 34 ұшақ Air Astana компаниясына, ал 27 ұшақ - FlyArystan компаниясына тиесілі.

Маңызды қадам ретінде, 2025 жылғы мамырда соңғы Embraer E2 ұшағының пайдаланудан шығарылуымен флотты оңтайландыру жоспары сәтті аяқталды. Қазіргі таңда Топ тек екі типтегі ұшақпен жұмыс істейді: заманауи және жанармай үнемдейтін Airbus A320 ұшақтары және Air Astana орындайтын ұзақ қашықтықтағы халықаралық рейстерге арналған Boeing 767 ұшақтары. Бұл 2003 жылдан бергі ең қарапайым флот құрылымы болып табылады және ол операциялық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

2025 жылғы маусымда Топ A321LR ұшақтарын модификациялау бағдарламасын аяқтады: жоспарланған алты ұшақтың соңғысына қосымша жанармай бағы орнатылып болды, бұл жұмыс топтың Advanced Technical Centre базасында жүзеге асырылды. Ұзартылған ұшу қашықтығы Алматы–Лондон, Алматы–Франкфурт, Астана–Пхукет және Астана–Дананг бағыттарындағы операциялық тиімділікті арттырды. Бұл әуе кемелері сондай-ақ 2026 жылғы наурыздан бастап іске қосылатын Алматы–Токио бағыты үшін де қолданылады.

Pratt & Whitney қозғалтқыштарындағы мәселелерді шешу жоспарының сәтті жүзеге асырылуы

Air Astana тобы Pratt & Whitney қозғалтқыштарындағы ақаулардың әсерін азайту үшін тиімді қозғалтқыштарды алдын ала демалысқа шығару бағдарламасын жалғастыруда. Бұл бағдарлама шеңберінде қозғалтқыштар маусымаралық және орташа жүктемелі кезеңдерде жоспарлы түрде пайдаланудан шығарылады, соның нәтижесінде маусымның ортасынан тамыздың соңына дейінгі жоғары маусымда әуекомпаниялар флот қуатын толық көлемде пайдалана алады. 2025 жылғы маусым айының соңындағы жағдай бойынша, Топ A320neo ұшақтар паркін қолдау мақсатында бес A320ceo ұшағын және барлығы 13 қосалқы қозғалтқышты жеткізіп алды. Негізгі жеткізуші Pratt & Whitney болғанына қарамастан, Топ қосалқы қозғалтқыштарға нарықтағы балама көздер арқылы сәтті қол жеткізе алды және бұл стратегияны алдағы кезеңде де жалғастыруға ниетті. Бұл амалдар Топтың 2 тоқсандағы орнықты жұмысын қамтамасыз етіп, жазғы маусым мен кейінгі кезеңде де өсу әлеуетін арттырып отыр.

GTF қозғалтқыштарындағы ақаулар бойынша қозғалтқышты пайдаланудан тыс ұстау болжамды мерзімі 18 ай деңгейінде сақталады. Қазіргі таңда Топқа жеткізілетін жаңа қозғалтқыштарда ақаулар тіркелмегенімен, толық қалпына келтіру бағдарламасы 2025–2026 жылдары да жалғасып, белсенді әрекеттерді талап етеді. Pratt & Whitney компаниясымен жасалған өтемақы және қолдау жөніндегі келісім GTF қозғалтқыштарының істен шығуы салдарынан туындайтын шығындар мен қуат тапшылығын өтеуде маңызды рөл атқаруда.

Операциялық тиімділік

Air Astana тобы өзінің техникалық қызмет көрсету, жөндеу және қайта жабдықтау (MRO) мен оқу орталықтарын жаңғыртуды жалғастырып келеді. Атап айтқанда, операциялық тиімділікті одан әрі арттыруға бағытталған жаңа ішкі сервистік бағыттар іске қосылуда. Бұл бастамалар Топ флотын оңтайландырумен қатар жүреді, соның нәтижесінде жоспарлы және жоспардан тыс техникалық қызмет көрсетуді ішкі ресурстар есебінен тиімді орындауға қосымша мүмкіндіктер ашылады. Флотты ықшамдау техникалық қызмет көрсету мен экипаж шығындарын азайтып, синергияны күшейтеді.

2025 жылғы 4 маусымда Топтың 100% еншілес құрылымы — Air Astana Terminal Services жерүсті қызмет көрсету компаниясы тіркелді. Бұл жаңа бөлімше Топтың екі брендтің де өсімін қолдай отырып, операциялық тиімділікті арттыруға және басқа әуе компанияларына кең ауқымды қызметтер ұсыну арқылы қосымша кіріс көздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қызметтің алғашқы кезеңінде Топтың негізгі хабы — Алматы қаласында іске қосылады, ал болашақта еліміздің басқа қалаларына кеңейіп, тіркелген компания аясында қызмет түрлерін ұлғайту жоспарлануда.

Топ өз құрамындағы Техникалық орталығының қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейтті: 2025 жылдың қаңтар айынан бастап бір мезгілде екі C-check, ал сәуірден бастап үш C-check өткізуге мүмкіндік туды. Бұл қуаттылықты арттырумен қатар, техникалық қызмет көрсету мерзімін

қысқартып, ұшақтарды желіге қайта қосу уақытын жеделдетуге ықпал етті. Айта кетерлігі, биылғы бірінші жартыжылдықта Airbus флотына қатысты үш 12 жылдық техникалық тексеріс толығымен ішкі ресурстар есебінен жүргізілді. Мұндай кешенді тексерулерге Техникалық орталық 2024 жылы жаңғырту жұмыстары нәтижесінде қол жеткізген болатын. Бұл қадам қызмет көрсету тиімділігін арттырып, алдағы уақытта үнемдеуді едәуір көбейтеді.

Топтың негізгі екі хабы – Алматы мен Астанада техникалық қызмет көрсету мүмкіндігін кеңейту мақсатында жаңа ангарлар салу бойынша жоспарлы жұмыстар жалғасып жатыр. Бұл жоба шығындарды одан әрі төмендетіп қана қоймай, сирек ұсынылатын және жоғары қосымша құнды күрделі техникалық қызмет түрлерін сыртқы тапсырыс берушілерге ұсыну мүмкіндігін ашады. Кеңейтілген инфрақұрылым 2026 жылы іске асырылады деп жоспарлануда.

Топтың Астанадағы Ұшқыштарды даярлау орталығын кеңейту жұмыстары жалғасуда. Бұл бастама ұшқыштарды оқыту сапасын арттырып, олардың кәсіби даярлығын жақсартуға бағытталған. Қазіргі уақытта Топтың A320 үлгісіндегі толыққанды ұшу тренажері (Full-Flight Simulator, FFS) – Орталық Азиядағы алғашқылардың бірі – толық жүктемемен жұмыс істеуде. 2025 жылдың ақпанында екінші тренажер қабылданды және оны биылғы жылдың соңына дейін іске қосу жоспарланып отыр. Бұл шешім оқыту көлемін арттырып, операциялық тиімділікті күшейтіп, сонымен қатар сыртқы тапсырыс берушілерге арналған ұшқыштарды даярлау арқылы қосымша табыс әкелуі мүмкін.

Жасанды интеллект (AI) – Топтың ішкі шешім қабылдауды жетілдіру және тиімділікті арттыру мақсатындағы цифрлық трансформация стратегиясының маңызды бөлігі. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Топ өз AI зертханасын (AI Lab) ресми түрде іске қосты. Бұл зертхана бүгінде бірнеше бағыт бойынша нақты нәтижелер беріп жатыр. Атап айтқанда, күнделікті жұмыс барысында қызметкерлерге қолдау көрсететін өнімділікті арттыратын AI құралдары енгізілуде. Біз транскрипция, мәтін мазмұндау, дауысты синтездеу және виртуалды ассистенттер сияқты бірқатар жасанды интеллект құралдарын енгізіп, процестерді автоматтандыру, тиімділікті арттыру және негізгі бөлімдердегі қызметкерлерге қолдау көрсету бағытында жұмыс. 2025 жылдың сәуірінде Топ экипаждарды жұптауға арналған Crew Pairing System жүйесін сәтті енгізді. Жүйенің алғашқы нәтижелері жоспарлау уақытының қысқарғанын, ұшқыштарды пайдалану деңгейінің артқанын және маусымдық жүктеме кезеңдерінде операциялық тиімділіктің жақсарғанын көрсетті.

Топ жанармай үнемділігі мен әуе кемелерінің өнімділігін бақылауға арналған кешенді жүйені де енгізуде. Бұл жүйе әрбір ұшақтың техникалық ерекшеліктеріне негізделген өнімділік модельдерін және жасанды интеллект арқылы талдау әдістерін қолдана отырып, ұшу кезеңдерінің барлық сатысында жанармай шығынын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде жанармай тұтынуы 2%-ға дейін қысқарту арқылы шығындарды азайту көзделуде. Бұдан бөлек, Топтың жанармайды тиімді тасымалдау бағдарламасы (Fuel Tankering) соңғы 12 ай ішінде 6 миллион АҚШ долларынан астам үнемдеуге қол жеткізіп, заманауи әуе флоты аясында тиімділік пен шығарындыларды басқаруды жақсартты.

Үздік қызмет

2025 жылғы сәуір айында Air Astana Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (IATA) тарапынан жаңартылған қауіп-қатерге негізделген тәсілмен (RB-IOSA) өткізілген IATA Операциялық Қауіпсіздік Аудитінен (IOSA) сәтті өтті. Бұл — компанияның халықаралық қауіпсіздік стандарттары мен озық тәжірибелерге оныншы рет сәйкес келетінін дәлелдеген аудиті. 2025 жылғы маусымда Топ Boeing 787 ұшақтарымен қауіпсіз және нормативтік талаптарға сай операцияларды қамтамасыз етуге бағытталған Boeing AOSS бағдарламасының алғашқы кезеңін табысты аяқтады.

Топ жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын үнемі жетілдіре отырып, жоғары деңгейдегі қызмет ұстанымына берік болып қала береді. Бұған борттағы ойын-сауық жүйесінің кеңейтілуі мен тамақтану қызметінің жақсаруы кіреді. 2025 жылдың екінші тоқсанында Air Astana жолаушыларға билеттерді оңай брондап, рейстерін басқаруға мүмкіндік беретін жаңа мобильді қосымшасын іске қосты. Қосымшада 2024 жылы қайта жаңартылған, жиі ұшатын жолаушылар үшін тиімдірек болу мақсатында шығынға негізделген ұпай жинау жүйесіне көшкен Nomad Club жиі ұшатын жолаушылар бағдарламасы да біріктірілген. Енді қатысушылар өз ұпайларын әртараптандырылған тәсілдермен қолданып, одан да көп артықшылықтар мен икемділіктерге ие бола алады.

Топтың жоғары деңгейдегі қызмет көрсетуі тағы бір мәрте халықаралық деңгейде мойындалды. 2025 жылдың маусымында Париждегі Әуе шоуы аясында өткен Skytrax World Airline Awards марапаттау рәсімінде екі әуе компаниясы да жеңімпаз атанды. Air Astana қатарынан он төртінші рет «Орталық Азия және ТМД елдерінің үздік әуе компаниясы» және тоғызыншы рет «Орталық Азия және ТМД елдеріндегі ең үздік борттық қызмет» марапаттарын иеленді. FlyArystan болса, үшінші жыл қатарынан «Орталық Азия және ТМД елдерінің үздік бюджеттік әуе компаниясы» атанды. Сонымен қатар, Air Astana 2025 жылдың маусымында Дублинде өткен APEX Best Awards марапаттарында «Орталық/Оңтүстік Азияның үздік әуе компаниясы» атағына ие болды.

Тұрақты даму

Топ 2023–2032 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасын (ТҚДБ) әзірлеп, парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша мақсаттар қойды. Бұл бағдарлама Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртек бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық мақсатына сай келеді. 2025 жылдың екінші тоқсанында Топ өзінің ТҚДБ жаңартып, 2050 жылға қарай нөлдік шығарындыларға қол жеткізуге міндеттеме алды. Бұл 2022 жылы Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) Ассамблеясы қабылдаған жаһандық ұзақ мерзімді ұмтылыспен үндеседі. Жол картасы нақты қадамдар мен аралық межелер арқылы нөлдік шығарындыларға жету бағытын айқындайды.

Бағдарламаның тәуелсіз сараптамасы оны Transition Pathway Initiative ұйымының қатаң әдістемесіне сәйкестігін растады. Бұл әдіс түрлі салалардағы шығарындылар траекториясын бағалау үшін кеңінен қолданылады.

Топтың тұрақты даму бастамалары көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтумен қатар операциялық тиімділікті арттыруға да бағытталған. Қазіргі уақытта жанармай үнемділігі мен ұшақ өнімділігін бақылау жүйесі енгізіліп, отын шығынын төмендету арқылы CO₂ шығарындыларын 2%-ға қысқартуға ықпал етуде.

Қаржылық шолу

Топ шығындарды мұқият басқаруға және қолда бар сыйымдылықты ең жоғары табыс әкелетін бағыттарға бөлуге басымдық беруді жалғастыруда. Соның нәтижесінде 2025 жылдың екінші тоқсанында бірлік табыс пен бірлік шығын арасындағы арақатынас теңгерімді болып қалды, ал 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында бірлік табыс сәл жоғары болды.

Бірлік табыс пен шығын арасындағы осы тепе-теңдік Топтың тиімділікті арттыру бағдарламасы мен табиғи валюта хеджі нәтижесінде қамтамасыз етілді. 2025 жылдың екінші тоқсанында әлсіреген теңге RASK және CASK көрсеткіштеріне теріс әсерін тигізгенімен, бұл ықпал тиімділікті арттыру шаралары арқылы және валюта тәуекелдерін табиғи түрде теңгеру арқылы жұмсартылды. Атап айтқанда, Топ кірісінің үштен екі бөлігі шетел валютасында, ал шығынының үштен бірі жергілікті валютада қалыптасып, шығындар валюта құрылымы кіріске сәйкес теңгерілді.

2025 жылдың екінші тоқсанында RASK (бір жолаушы-километрге шаққандағы табыс) 6,8%-ға төмендеп, 6,57 АҚШ центін құрады (2024 жылдың екінші тоқсаны: 7,05 цент). Бұл көрсеткіштің төмендеуіне маусым айындағы Израиль мен Иран арасындағы қақтығыс және, азырақ дәрежеде, мамыр айындағы Үндістан мен Пәкістан арасындағы шиеленіс пен теңгенің әлсіреуі әсер етті. Қақтығыстар салдарынан осы аймақтар үстіндегі әуе кеңістігі уақытша жабылып, рейстер бағыты ұзартылып, сұраныс бәсеңдеді. Соған қарамастан, тоқсан ішінде жолаушылар саны 15,6%-ға артып, 2,5 миллион адамды құрады, ал жолаушылар тасымалы 20,4%-ға өсті. Ішкі бағыттар бойынша сыйымдылық 14,2%-ға, ал халықаралық бағыттарда 28,1%-ға артты. Бүгінгі күнге дейін Топтың нарықтарында әуе сапарына деген сұранысқа тарифтердің қандай да бір кері әсері байқалған жоқ.

Топтың төмен шығындары қысқа және алыс қашықтықтағы бағыттарды кеңейте отырып, басқа әуе компанияларымен тиімді бәсекелесуге мүмкіндік беретін стратегиялық артықшылығы болып табылады. 2025 жылдың екінші тоқсанында CASK 6,5%-ға төмендеп, 5,87 АҚШ центін құрады (2024 жылдың екінші тоқсаны: 6,27 цент). Бұл көрсеткіштің төмендеуіне айырбас бағамының әсерінен

теңгемен есептелетін шығындардың азаюы және отын бағасының төмендеуі ықпал етті. Сонымен қатар, бұл Топтың операциялық тиімділікті арттыруға деген тұрақты ұмтылысын көрсетеді. Атап айтқанда, персонал тиімділігінің және техникалық қызмет көрсету шығындарының төмендеуі, сондай-ақ экипаж бен жанармай үнемдеу жобаларына үздіксіз инвестициялар оң әсерін тигізді.

Компания тұтынатын жанармайдың шамамен 70%-ы Қазақстан аумағында қамтамасыз етіледі, мұнда жанармай негізінен тікелей мұнай өңдеу зауыттарынан сатып алынып, оның логистикасы, соның ішінде тасымалы, компания тарапынан басқарылады. Қалған 30%-ға жуық халықаралық жанармай көлемі бойынша, Топ 2025 жылдың алғашқы үш тоқсанында барреліне 75-тен 85 АҚШ долларына дейінгі аралықта мұнай бағасының өсуіне толық көлемде хедж жасады. Ал төртінші тоқсанда күтілетін халықаралық жанармайдың 50%-ы барреліне 70–75 АҚШ доллары деңгейінде хеджделген, бұл ретте опциондар тәуекелсіз жүзеге асырылады.

2025 жылдың маусым айында Топ 2024 жыл үшін (қалыпты және арнайы) дивидендтер төледі, олардың мөлшері бір қарапайым акция үшін 53,7 теңгені және бір GDR үшін 214,8 теңгені құрады. Бұл төлем бұрын жарияланған болжамнан ерте жүзеге асырылды және болашақта күшейтілген дивидендік саясатпен қатар жарияланды. Бұл дивидендтің кірістілігі экс-дивиденд күніне 7,3%-ды құрап, компанияның тұрақты операциялық нәтижелері мен мықты қаржылық жағдайына негізделген менеджмент сенімін тағы да дәлелдеді.

2025 жылдың 30 маусымындағы жағдай бойынша Топтың ақша қаражатының көлемі 27,1%-ға артып, 531,6 млн АҚШ долларын (2024 жылғы 2-тоқсан: 418,2 млн АҚШ доллары) құрады. Ақша мен сату көлемінің арақатынасы 38,5%-ға жетті (2024 жылғы 2-тоқсан: 33,9%), бұл көрсеткіш қолжетімді қаржыландыру көздерін есепке алмағанда. Таза қарыз/EBITDAR арақатынасы 1,3х деңгейінде қалып, 2024 жылғы 2-тоқсандағы 1,4х деңгеймен салыстырғанда төмендеді және орта мерзімді нұсқаулық шеңберінде қала берді.

Қайта сатып алу бағдарламасы

2024 жылғы 30 сәуірде Компания өз қызметкерлерін ынталандыру бағдарламаларынан туындайтын міндеттемелерін орындау мақсатында, акционерлердің үлесін сұйылтпай, қарапайым акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттарды (GDR) сатып алуға арналған қайта сатып алу бағдарламасын іске қосты. Бағдарламаның бірінші кезеңі 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталып, жалпы сомасы 8.2 млн АҚШ долларын құрады. Қызметкерлерге акциялар мен GDR-лардың алғашқы берілуі 2025 жылғы 17 ақпанда жүзеге асырылды.

Бағдарламаның екінші кезеңі қазіргі уақытта іске асырылуда және жалпы 5 млн АҚШ долларына дейінгі сомаға дейін жалғасады. 2025 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, Компания жалпы 1,225,566 акцияны (1,127,494 қарапайым акция және 24,518 GDR, яғни 98,072 акцияға тең) 1.8 млн АҚШ долларына сатып алды.

Конференц-қоңырау

Air Astana басшылығы бүгін, 2025 жылғы 6 тамызда, Астана уақытымен 14:00-де веб-таныстырылым мен тікелей сұрақ-жауап конференц-қоңырауын өткізеді. 2025 жылғы 2-тоқсан және бірінші жартыжылдық нәтижелерінің таныстырылымы мен веб-трансляцияның жазбасы Компанияның сайтында қолжетімді болады: <https://ir.airastana.com>.

Қатысушылар конференц-қоңырауға келесі сілтемелер арқылы қосыла алады:

Қазақ тілінде: [H1 нәтижелері туралы хабарландыру](#)

Орыс тілінде: [Объявление результатов за первое полугодие](#)

Ағылшын тілінде: [H1 Results Announcement](#)

2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған ХҚЕС бойынша қаржылық есептілік Компанияның ресми сайтындағы «Қаржылық есептілік» бөлімінде қолжетімді: <https://ir.airastana.com>

Қосымша ақпарат үшін:

Air Astana Group

Инвесторлармен байланыс
Корпоративтік коммуникациялар

investor.relations@airastana.com
media@airastana.com

Vigo Consulting (Air Astana тобының IR және PR кеңесшісі)

Тим МакКолл
Джо Куинлан

airastana@vigoconsulting.com
+44 20 7390 0230

Air Astana тобы туралы

Air Astana тобы Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі табыс көлемі мен әуе флотының ауқымы бойынша ең ірі авиациялық топ. Топ 61 әуе кемесінен тұратын флотқа ие, олардың бір бөлігі алғашқы рейсін 2002 жылы орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясына тиесілі, ал екінші бөлігі 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік әуе компаниясына тиесілі. Топ Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Парсы шығанағы елдері, Үндістан және Еуропа бағыттары бойынша ішкі, аймақтық және халықаралық желілерде жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Air Astana қатарынан он төрт жыл бойы Skytrax бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы үздік әуе компаниясы атанып келеді және тоғыз жыл қатарынан Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік борт қызметі үшін марапатқа ие болды. FlyArystan үш рет Skytrax бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы үздік бюджеттік әуе компаниясы ретінде танылды. Бұған қоса, Air Astana APEX (Airline Passenger Experience Association) ұйымының «Ірі әуе компаниясы» санатында бес жұлдызды рейтингін алды. Топ Қазақстан қор биржасында, Астана халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында (тикер: AIRA) тіркелген.

Терминдер сөздігі

EBITDAR: Кезең ішіндегі пайда, яғни табыс салығы (шығыны)/пайдасы, қаржылық кіріс, қаржылық шығындар, таза шетел валютасындағы шығын, амортизация мен тозу шығындары және жалға алу шығындары (ұшақтарды жалға алудың өзгермелі төлемдері, қосалқы қозғалтқыштарды, қосалқы бөлшектерді, кеңсе үй-жайларын, жабдықтар мен жерүсті техникаларын жалға алу төлемдерін қоса алғанда) шегерілмегендегі көрсеткіш.

ASK: Қолжетімді жолаушы-орын километрлері

CASK: Бір қолжетімді жолаушы-орын километріне кететін шығын

RASK: Бір қолжетімді жолаушы-орын километріне түсетін табыс

RPK: Жолаушылар әкелген табысты километрлер

YoY: Жыл сайынғы салыстыру

Жауапкершіліктен бас тарту туралы ескерту

Осы құжат «Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания») тарапынан дайындалған және Компания мен оның еншілес ұйымына (бірлесіп алғанда, «Топ») қатысты. Осы құжаттағы ақпаратқа («Ақпарат») төмендегідей талаптар қолданылады.

Ақпарат Компанияны немесе Топты және/немесе олардың операциялық нәтижелері мен қаржылық жағдайын бағалау үшін қажетті толық, дәл және жан-жақты деректерді қамтиды деп есептелмеуі тиіс. Бұл Ақпарат Компанияның немесе Топтың кез келген өзге мүшесінің бағалы қағаздарына қатысты қандай да бір ұсыныс немесе кеңес болып табылмайды. Аталған Ақпаратқа қол жеткізе отырып, сіз (i) жоғарыда көрсетілген шектеулермен келісетініңізді; (ii) осы ескертудің мазмұнымен танысқаныңызды, оны түсінгеніңізді және талаптарын сақтауға келісетініңізді растайсыз.

Компания немесе оның тиісті еншілес ұйымдары, сондай-ақ олардың директорлары, лауазымды тұлғалары, жеке жауапты серіктестері, қызметкерлері, агенттері, кеңесшілері мен консультанттары («Серіктестер»), не өзге де ешбір тұлға бұл ақпараттың әділдігіне, дәлдігіне, толықтығына немесе дұрыстығына, сондай-ақ Компанияға немесе Топқа қатысты жасалған немесе жасалған болып көрінетін кез келген мәлімдемелерге қатысты ешқандай тікелей немесе жанама кепілдік, уәде немесе мәлімдеме бермейді және берілген ақпаратқа сенуге болмайды. Компания, оның Серіктестері немесе басқа кез келген тұлға бұл ақпаратты пайдаланудан, ондағы пікірлер мен мәлімдемелерден немесе кез келген қателіктер, жіберулер немесе бұрмалаулардан туындайтын кез келген шығын, залал немесе зиян үшін қандай да бір жауапкершілікті, міндеттемені немесе міндетті мойнына алмайды. Бұл құжат бухгалтерлік, құқықтық немесе салықтық кеңес беру мақсатында әзірленбеген және оған осындай мақсаттарда немесе қандай да бір мәміле бойынша ұсыныс ретінде сүйенуге болмайды.

Бұл ақпаратта ХҚЕС-қа (IFRS) сәйкес келмейтін кейбір қаржылық көрсеткіштер қамтылған. Топ бұл ХҚЕС-қа сәйкес келмейтін көрсеткіштерді өзінің ХҚЕС бойынша қаржылық ақпаратына қосымша ретінде пайдаланады. Аталған көрсеткіштер ХҚЕС стандарттарымен анықталмаған және соларға сәйкес ұсынылмайды. Олар Топтың операциялық қызметінің ХҚЕС шеңберіндегі нәтижелері болып табылмайды және ХҚЕС бойынша көрсеткіштердің орнына немесе баламасы ретінде қолданылмауы тиіс. Сонымен қатар, бұл ақпаратта аудиттен өтпеген және тексерілмейтін Топтың ішкі есептері мен басқарушылық деректеріне негізделген қаржылық ақпараттар бар. Бұл ХҚЕС-қа сәйкес келмейтін көрсеткіштер мен өзге де ақпараттар Топтың тарихи операциялық нәтижелерін дәл бейнелемеуі мүмкін және болашақтағы нәтижелерді болжауға арналмаған. Мұндай көрсеткіштер мен ақпараттар басқа компаниялар қолданатын атауы ұқсас көрсеткіштермен салыстыруға келмеуі мүмкін. Осыған байланысты, мұндай ХҚЕС-қа сәйкес келмейтін көрсеткіштер мен басқа да ақпараттарға артық сенім артпау қажет.

Осы Ақпаратта келтірілген салалық болжамдарға қатысты кез келген нарықтық деректер тиісті жағдайларда ішкі сауалнамаларға, бағалауларға, есептер мен зерттеулерге, сондай-ақ сыртқы нарықтық зерттеулерге, ашық дереккөздерге және салалық жарияланымдарға сүйене отырып алынған. Мұндай нарықтық деректер мен салалық болжамдардың дәлдігі Топ немесе оның серіктестері тарапынан тәуелсіз түрде тексерілмеген және олардың дұрыстығына қатысты ешқандай кепілдік немесе мәлімдеме берілмейді. Бұл деректер мен болжамдар тек ақпараттық мақсатта ғана ұсынылады. Бұған қоса, осы Ақпаратта келтірілген салалық, нарықтық және бәсекелестік жағдайларға қатысты деректер Топтың ішкі зерттеулеріне және Топ қызмет ететін нарықтардағы басқарушы құрамының білімі мен тәжірибесіне негізделген бағалауларға сүйенуі мүмкін. Топ мұндай зерттеулер мен бағалаулардың әділ және сенімді екеніне сенгенімен, олардың әдістемесі мен болжамдары тәуелсіз дереккөздермен нақты немесе толық екені расталмаған және олар өзгеруі мүмкін. Нарықтық ақпарат пен деректерді жинау, талдау немесе есептеу үшін үшінші тарап басқа әдістерді қолданса, нәтижелері осы Ақпараттағы деректерден өзгеше болуы мүмкін. Сонымен қатар, Топтың бәсекелестері нарықты немесе Топтың нарықтағы орнын өзге тәсілмен анықтауы мүмкін. Осыған байланысты, бұл Ақпараттағы салалық, нарықтық немесе бәсекелестік жағдайлар туралы деректерге шамадан тыс сенім артпау қажет.

Осы Ақпаратта болашаққа қатысты мәлімдемелер қамтылған. Ақпаратта келтірілген тарихи фактілерден өзге барлық мәлімдемелер болашаққа қатысты мәлімдемелер болып табылады. Мұндай мәлімдемелер Топтың қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, жоспарларына, мақсаттарына, болашақтағы қызметі мен бизнесіне қатысты қазіргі күтулері мен болжамдарын

білдіреді. Бұл мәлімдемелерге шектеусіз түрде “мақсат”, “сенеді”, “күтіледі”, “ниеттенеді”, “мүмкін”, “болжамдайды”, “бағалайды”, “жоспарлайды”, “жобалайды”, “болады”, “болуы ықтимал”, “тиіс”, “еді”, “мүмкін еді” және осыған ұқсас мағынадағы сөздер (немесе олардың теріс формалары) кездесетін кез келген мәлімдемелер жатады. Мұндай болашаққа қатысты мәлімдемелер Топтың бақылауынан тыс белгілі және белгісіз тәуекелдерге, белгісіздіктерге және басқа да маңызды факторларға байланысты, бұл оның нақты нәтижелерінің, көрсеткіштерінің немесе жетістіктерінің осындай мәлімдемелерде келтірілген немесе болжанған нәтижелерден елеулі түрде өзгеше болуына себеп болуы мүмкін. Бұл мәлімдемелер Топтың қазіргі және болашақтағы бизнес стратегияларына және болашақта жұмыс істейтін ортаға қатысты көптеген болжамдарға негізделген. Бұл Ақпаратта және ондағы пікірлерде келтірілген деректердің әділеттілігіне, дұрыстығына, толықтығына немесе нақтылығына қатысты ешқандай нақты немесе жанама мәлімдеме, кепілдік немесе міндеттеме берілмейді және оларға арқа сүйемеу қажет.

Бұл Ақпарат тәуелсіз түрде тексерілмеген және жаңартылмайды. Ақпарат, оның ішінде болашаққа қатысты мәлімдемелер де, тек осы құжаттың күніндегі жағдайды сипаттайды және болашақтағы нәтижелерге қатысты ешқандай кепілдік бермейді. Заңмен талап етілетін жағдайларды қоспағанда, Топ осы Ақпаратқа, оның ішінде қаржылық деректер мен болашаққа қатысты мәлімдемелерге кез келген жаңартулар немесе түзетулер енгізу бойынша қандай да бір міндеттемелерден немесе жауапкершіліктен ашық түрде бас тартады және мұндай өзгерістер Топтың құтулерінің өзгеруіне, болашаққа қатысты мәлімдемелердің негізінде жатқан оқиғалардың, жағдайлардың немесе мән-жайлардың өзгеруіне немесе осы құжаттың күнінен кейін туындауы мүмкін кез келген басқа да жағдайларға байланысты болса да, оларды көпшілікке жариялауға міндетті емес.